

## 2012-2014 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2011 жылғы 20 желтоқсандағы № 311 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 10 қаңтарда № 3-11-104 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2013 жылғы 14 ақпандағы № 10 хатымен).

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 14.02.2013 № 10 хатымен).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет Кодексінің 9 бабының 2 тармағына және Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қарашадағы № 496-IV "2012-2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2012-2014 жылдарға арналған аудандық бюджет 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2012 жылға мына көлемде бекітілсін:

1) кірістер 3 189 736,1 мың теңге;

оның ішінде:

салықтық түсімдері бойынша 189 607 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша 7 883 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан 200 мың теңге;

трансферттер түсімдері бойынша 2 992 044,1 мың теңге;

2) шығындар 3 208 803,8 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредит беру 19 857 мың теңге;

оның ішінде:

бюджеттік кредиттер 21 843 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу 1 986 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын

операциялар бойынша сальдо 0 мың теңге;

оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы -38 924,7 мың теңге;

б) бюджет тапшылығын қаржыландыру 38 924,7 мың теңге;

Ескерту. 1 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2012.02.02 № 13; 2012.04.26 № 23; 2012.08.10 № 45; 2012.10.30 № 49; 2012.11.26 № 54 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

2. Аудандық бюджеттің кірісіне мыналар есептелетін болып белгіленсін:

жеке табыс салығы;

әлеуметтік салық;

жеке және заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер мүлкіне салық;

жер салығы;

бірыңғай жер салығы;

көлік құралдарына салық;

бензинге (авиациалықты қоспағанда) және дизель отынына акциздер;

жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем;

дара кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркегені үшін алынатын алым;

қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым;

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

жылжымайтын мүлікке құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркегені үшін алынатын алым;

аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде және елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы;

республикалық бюджет есебіне жазылатын консулдық алымнан және мемлекеттік баждардан басқа, мемлекеттік баж;

коммуналдық меншіктен түсетін кірістер;

аудан бюджетінен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін түсімдер;

аудан бюджетінен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелермен ұйымдастырылатын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақшалар түсімдері;

аудан бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімдер, санкциялар, өндіріп алулар;

аудан бюджетіне түсетін салыққа жатпайтын басқа түсімдер;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер, яғни аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сатудан түскен ақшалар;

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

жер учаскелерін жалға беру құқығын сатқаны үшін төлемақы.

3. Қазақстан Республикасының "2012-2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 5 бабына сәйкес жұмыс берушілер еңбекке уақытша жарамсыздығы, жүктілігі мен босануы бойынша, бала туған кезде, жерлеуге есептеген, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленіп келген жәрдемақы сомаларының аталған қорға аударымдардың есептелген сомаларынан асып түсуі нәтижесінде 1998 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құралған теріс сальдо ай сайын жалақы қорының 4 проценті шегінде әлеуметтік салық төлеу есебіне жатқызылады.

4. Қазақстан Республикасының "2012-2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 9 бабына сәйкес:

2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап:

1) жалақының ең төменгі мөлшері – 17 439 теңге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 1 618 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы – 17 439 теңге мөлшерінде белгіленгені еске және басшылыққа алынсын.

5. Облыстық мәслихаттың 2011 жылғы 7 желтоқсандағы "2012-2014 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" № 434 шешімінің 10 тармағына сәйкес 2012 жылға аудандық бюджетке берілетін субвенция көлемі 1 760 942 мың теңге сомасында көзделген.

6. 2012 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен мынадай мөлшерде ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін:

эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге – 29 748 мың теңге;

мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға 27 578 мың теңге;

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру мақсатына - 37 680 мың теңге;

Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға – 9 891 мың теңге;

қорғаншыларға (қамқоршыларға) жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) асырап бағу үшін ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері - 3 124 мың теңге;

мектеп мұғалімдеріне және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы мөлшерін ұлғайтуға – 15 792 мың теңге;

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру мақсатына - 38 430 мың теңге;

"Назарбаев зияткерлік мектептері" ДБҰ-ның бағдарламалары бойынша біліктілікті арттырудан өткен мұғалімдерге төленетін еңбекақыны арттыруға - 621 мың теңге;

Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы ауқымында ауылдық елді мекендерді дамытуға – 37 459 мың теңге;

Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасының екінші бағыты шеңберінде жетіспейтін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту мен жайластыруға – 3 500 мың теңге;

республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен үйде оқытылатын мүгедек балаларды жабдықпен, бағдарламалық қамтымымен қамтамасыз етуге - 1 180 мың теңге.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің аталған сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

**Ескерту. 6 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2012.04.26 № 23; 2012.10.30 № 49; 2012.11.26 № 54 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.**

7. 2012 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен "Өңірлік дамыту" бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға ықпал ету жөніндегі шараларды іске асыруға ауылдық (селолық) округтерді жайластыру мәселесін шешуге – 2 681 мың теңге нысаналы трансферт түскені ескерілсін.

8. 2012 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен Жұмыспен қамту - 2020 бағдарламасын іске асыруға – 29 503 мың теңге түскені ескерілсін.

Аталған сомаларды бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

**Ескерту. 8 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2012.04.26 № 23; 2012.08.10 № 45 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.**

9. 2012 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері түскені ескерілсін:

мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалауға, салуға және (немесе) сатып алуға - 57 098 мың теңге;

*алынып тасталды - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2012.04.26 № 23 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.*

сумен жабдықтау және су қайтарғыш жүйесін дамытуға - 182 652 мың теңге;

инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алуға – 47 195 мың теңге.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің аталған сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

**Ескерту. 9 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2012.04.26 № 23; 2012.08.10 № 45; 2012.10.30 № 49 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.**

10. 2012 жылға арналған аудандық бюджетіне облыстық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер және нысаналы даму трансферттері көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

біржолғы талондарды беру бойынша жұмысты ұйымдастыруға – 609 мың теңге;

білім беру объектілерін салуға – 507 945 мың теңге;

мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалауға, салуға және (немесе) сатып алуға - 7 437 мың теңге;

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға – 5 047 мың теңге.

сумен жабдықтау және су қайтарғыш жүйесін дамытуға – 191 097 мың теңге;

жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмекке - 11 мың теңге;

коммуналдық шаруашылығын дамытуға 30 000 мың теңге;

ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстарына 12 815,1 мың теңге;

жалпы білім беру мекемелерін жылыту мерзіміне дайындауға 14 400 мың теңге;

автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге 3 900 мың теңге.

Аталған трансферттерінің сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

**Ескерту. 10 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2012.04.26 № 23; 2012.08.10 № 45; 2012.10.30 № 49 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.**

11. Аудандық жергілікті атқарушы органының 2012 жылға арналған резерві сомасы 3 089 мың теңге болып бекітілсін.

**Ескерту. 11 тармаққа өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2012.04.26 № 23 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.**

12. 2012 жылға арналған аудандық бюджетті атқару процесінде қысқартуға жатпайтын аудандық бюджеттік бағдарламалар тізбесі № 4 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

13. Селолық округтер әкімдері аппараттарының 2012 жылғы бюджеттік бағдарламалары бойынша қаржыландыру көлемі № 5 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

14. Осы шешім 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы,  
мәслихат хатшысы:

Б.Бисекенов

Аудандық мәслихаттың  
2011 жылғы 20 желтоқсандағы  
№ 311 шешіміне  
№ 1 қосымша

## 2012 жылға арналған аудандық бюджеті

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2012.11.26 № 54 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

Санаты		Сыныбы		Сомасы мың теңге
		Ішкі сыныбы		
		АТАУЫ		
			<b>I. Кірістер</b>	<b>3189736,1</b>
<b>1</b>			<b>Салық түсімдері</b>	<b>193838</b>
	01		Кірістерге салынатын табыс салығы	86896
		2	Жеке табыс салығы	86896
	03		Әлеуметтік салық	83537
		1	Әлеуметтік салық	83537
	04		Меншікке салынатын салықтар	18323
		1	Мүлікке салынатын салықтар	5915
		3	Жеке тұлғалардың жер салығы	1285
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	9623
		5	Бірыңғай жер салығы	1500
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	4107
		2	Акциздер	211
		3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	1414
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	2404
		5	Тіркелген салық	78
			Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар	

	08		мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	975
		1	Мемлекеттік баж	975
<b>2</b>			<b>Салықтық емес түсімдер</b>	<b>3532</b>
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	2583
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	2581
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	2
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ ҚР Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар өндіріп алулар	10
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	939
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	939
<b>3</b>			<b>Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер</b>	<b>322</b>
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	322
		1	Жерді және материалдық емес активтерді сату	322

4			Трансферттердің түсімдері	2992044,1
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2992044,1
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	2992044,1
			Ағымдағы нысаналы трансферттер	204678,1
			Нысаналы даму трансферттері	1026424
			Субвенциялар	1760942

Функционалдық топ						
1	2	3	4	Кіші функция		6
				Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
				Бағдарлама		
				АТАУЫ	Сомасы мың теңге	
1	2	3	4	5		6
				<b>II. Шығындар</b>		<b>3208803,8</b>
<b>01</b>				<b>Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер</b>		<b>179122</b>
01	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар		147602
01	1	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты		14961
01	1	112	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер		14961



01	1	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	46471
01	1	122	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	41421
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5050
01	1	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	86170
01	1	123	001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	79390
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1589
			106	Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резервінің	2758,5

				есебінен іс-шаралар өткізу	
			107	Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу	2432,5
01	2			Қаржылық қызмет	19153
01	2	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	19153
01	2	452	001	Аудандық бюджетті орындау және коммуналдық меншікті (областық маңызы бар қала) саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14048
01	2	452	003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	496
			004	Біржолғы талондарды беру жөніндегі жұмысты және біржолғы талондарды іске асырудан сомаларды жинаудың толықтығын қамтамасыз етуді ұйымдастыру	609
				Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке	

			011	алу, сақтау, бағалау және сату	4000
01	5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	12367
01	5	476		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау кәсіпкерлік бөлімі	12367
01	5	453	001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту және ауданды (облыстық маңызы бар қаланы) басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12017
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	350
<b>02</b>				<b>Қорғаныс</b>	<b>1690</b>
02	1			Әскери мұқтаждар	1690
02	1	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	1690
02	1	122	005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	1690
<b>03</b>				<b>Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қыл</b>	<b>1400</b>

				<b>МЫСТЫҚ-АТҚАРУ ҚЫЗМЕТІ</b>	
	1			Құқық қорғау қызметі	1400
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1400
			021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	1400
<b>04</b>				<b>Білім беру</b>	<b>2049254,7</b>
04	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	182143,9
04	1	471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	182143,9
04	1	464	003	Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	180447,9
			025	Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен жалпы үлгідегі, арнайы (түзету), дарынды балалар үшін мамандандырылған, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорынсыз қалған балалар үшін	1696

				балабақшалар, ш а ғ ы н орталықтар, мектеп интернаттары, кәмелеттік ж а с қ а толмағандарды бейімдеу орталықтары тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымша а қ ы н ы ң мөлшерін ұлғайту	
04	2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	1346720,8
04	2	471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, д е н е шынықтыру және спорт бөлімі	1346720,8
04	2	464	004	Жалпы білім беру	1289472,8
04	2	464	005	Балалар мен жеткіншектерге қосымша білім беру	42531
			063	Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен " Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДБҰ-ның оқу бағдарламалары бойынша біліктілікті арттырудан ө т к е н мұғалімдерге еңбекақыны арттыру	621

			064	Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен жалпы үлгідегі, арнайы (түзету), дарынды балалар үшін мамандандырылған, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорынсыз қалған балалар үшін балабақшалар, шағын орталықтар, мектеп интернаттары, кәмелеттік жасқа толмағандарды бейімдеу орталықтары тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақының мөлшерін ұлғайту	14096
04	9			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	520390
		466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың)сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	507945
			037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	507945
				Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім,	

04	9	471		денешынықтыру және спорт бөлімі	12445
04	9	464	009	Ауданның (областық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	7462
04	9	464	010	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	679
			020	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының (қамқорынсыз) қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларын а ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	3124
			023	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен үйде оқытылатын мүгедек балаларды жабдықпен,	1180

				бағдарламалық қамтымымен қамтамасыз ету	
06				<b>Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру</b>	<b>136360</b>
06	2			Әлеуметтік көмек	124601
06	2	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	124601
06	2	451	002	Еңбекпен қамту бағдарламасы	45044
06	2	451	004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет және спорт мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	8955,1
06	2	451	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	54,9
06	2	451	006	Тұрғын үй көмегі	0
06	2	451	007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген	23138



				топтарына әлеуметтік көмек	
			014	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	2971
06	2	451	016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	33232
06	2	451	017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге, және ымдау тілі мамандарының, жеке көмекшілердің қызмет көрсету	2111
			023	Жұмыспен қамту орталықтарыны ң қызметін қамтамасыз ету	9095
06	9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	11759
06	9	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	11759
				Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету	

06	9	451	001	және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11299
06	9	451	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	460
07				<b>Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық</b>	<b>581158</b>
07	1			Тұрғын үй шаруашылығы	158648
07	1	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1206
07	1	458	003	Мемлекеттік тұрғын үй қорының сақтаулуын ұйымдастыру	1206
07	1	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	117730
07	1	467	003	Мемлекеттік тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалауға, салуға және (немесе) сатып алуға	70535

			004	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға	47195
			018	Жұмыспен қамту-2020 бағдарламасы шеңберінде инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымдарды салу және (немесе) сатып алу және дамыту	0
		471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	36212
			026	Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы бойынша ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	36212
		466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	3500
			074	Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасының екінші бағыты шеңберінде жетіспейтін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды	3500

				ы дамытуға мен жайластыруға	
07	2			Коммуналдық шаруашылық	411718
		123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	7969
		123	014	Елді мекендерді с у м е н жабдықтауды ұйымдастыру	7969
		466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың)сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	403749
			005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	30000
			006	С у м е н жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	373749
07	3			Елді-мекендерді көркейту	10792
07	3	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	10792
07	3	123	008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	3547
07	3	123	009	Е л д і мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	810
07	3	123	010	Жерлеу орындарын күтіп-ұстау және туысы жоқ	178

				адамдарды жерлеу	
07	3	123	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	6257
<b>08</b>				<b>Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік</b>	<b>140348,9</b>
08	1			Мәдениет саласындағы қызмет	79741,9
08	1	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	75325
08	1	455	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	75325
		466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	4416,9
			011	Мәдениет объектілерін дамыту	4416,9
08	2			Спорт	1543
08	2	471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	1543
08	2	465	014	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	334
				Әртүрлі спорт түрлері	

08	2	465	015	бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	1209
08	3			Ақпараттық кеңістік	38613
08	3	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	35864
08	3	455	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	35662
08	3	455	007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	202
08	3	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	2749
			002	Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	2000
08	3	456	005	Телерадио хабарларын тарату арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты	749

				жүргізу жөніндегі қызметтер	
08	9			Мәдениет, спорт , туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	20451
08	9	455		Ауданның ( облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	16549
08	9	455	001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5219
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің ж ә н е ұйымдарының күрделі шығыстары	11330
08	9	456		Ауданның ( облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	3902
08	9	456	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске	3530

				асыру жөніндегі қызметтер	
08	9	456	003	Жастар саясаты саласындағы өңірлік бағдарламаларды іске асыру	372
10				<b>Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары</b>	<b>52093,6</b>
10	1			Ауыл шаруашылығы	16453,6
		466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	121,8
		467	010	Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту	121,8
10	1	474		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	10571
10	1	462	001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9988
			006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	0



			012	А у ы л шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі іс-шараларды жүргізу	583
		476		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау кәсіпкерлік бөлімі	5760,8
			099	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	5760,8
10	6			Ж е р қатынастары	5892
10	6	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	5892
10	6	463	001	Аудан (областық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5892
10	6	463	006	Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің шекарасын белгілеу кезінде	0

				жүргізілетін жерге орналастыру	
	9			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау мен жер қатынастары саласындағы өзге де қызметтер	29748
		474		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	29748
			013	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	29748
11				<b>Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі</b>	8811,3
11	2			Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	8811,3
11	2	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың)сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	8811,3
				Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендердің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және	

11	2	467	001	ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағында ұтымды және тиімді қала құрылысын игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	8811,3
			013	Аудан аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	0
<b>12</b>				<b>Көлік және коммуникация</b>	<b>12900</b>
12	1			Автомобиль көлігі	12900
12	1	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	12900
12	1	458	023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	12900
<b>13</b>				<b>Басқалар</b>	<b>37654,4</b>
13	3			Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	450

13	3	476		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау кәсіпкерлік бөлімі	450
13	3	469	005	Кәсіпкерлік қызметті қолдау	450
13	9			Басқалар	37204,4
		123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	3163
			040	Республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер ретінде "Өңірлерді дамыту" бағдарламасы шеңберінде өңірлердің экономикалық дамуына жәрдемдесу жөніндегі шараларды іске асыруда ауылдық (селолық) округтарды жайластыру мәселелерін шешу үшін іс-шараларды іске асыру	3163
13	9	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	0
				Ауданның (облыстық маңызы бар	

13	9	452	012	қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	0
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	12774,3
			001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6655
			065	З а н д ы тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	6119,3
		471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, д е н е шынықтыру және спорт бөлімі	21267,1
			001	Білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі қызметін қамтамасыз ету	15511
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің ж ә н е	5756,1

				ұйымдарының күрделі шығыстары	
14				<b>Борышқа қызмет көрсету</b>	2
	1			Борышқа қызмет көрсету	2
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	2
		452	013	Жергілікті атқарушы органдарың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	2
15				<b>Трансферттер</b>	<b>8008,9</b>
	1			Трансферттер	8008,9
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	8008,9
			006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	8008,9
				<b>ІІІ. Таза бюджеттік кредит беру</b>	<b>19857</b>
				<b>Бюджеттік кредиттер</b>	<b>21843</b>
10				<b>Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және</b>	<b>21843</b>

				<b>жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары</b>	
	1			А у ы л шаруашылығы	21843
		476		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау кәсіпкерлік бөлімі	21843
			004	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілетін бюджеттік кредиттер	21843
<b>5</b>				<b>Бюджеттік кредиттерді өтеу</b>	<b>1986</b>
	1			Бюджеттік кредиттерді өтеу	1986
		1		Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттерді өтеу	1986
				<b>IV.Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо</b>	<b>0</b>
				<b>V.Бюджет тапшылығы</b>	<b>-38924,7</b>
				<b>VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру</b>	<b>38924,7</b>
<b>7</b>				<b>Қарыздар түсімі</b>	<b>21843</b>
	1			Мемлекеттік ішкі қарыздар	21843
		2		Қарыз алу келісім-шарттары	21843
<b>16</b>				<b>Қарыздарды өтеу</b>	<b>8660</b>
	1			Қарыздарды өтеу	8660

		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	8660
			008	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	1986
			021	Жергілікті бюджеттен берілген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару	6674
8				<b>Бюджет қаражаттарының пайдаланатын қалдықтары</b>	<b>25741,7</b>
	1			Бюджет қаражаты қалдықтары	25741,7
		1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	25741,7

Аудандық мәслихаттың  
2011 жылғы 20 желтоқсандағы  
№ 311 шешіміне  
№ 2 қосымша

## 2013 жылға арналған аудандық бюджеті

Ескерту. 2 қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2012.02.02 № 13 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

Санаты				Сомасы мың теңге
	Сыныбы		АТАУЫ	
		Ішкі сыныбы		
			<b>I. Кірістер</b>	<b>2331921</b>
<b>1</b>			<b>Салық түсімдері</b>	<b>201207</b>
	01		Кірістерге салынатын табыс салығы	86512
		2	Жеке табыс салығы	86512
	03		Әлеуметтік салық	92620



		1	Әлеуметтік салық	92620
	04		Меншікке салынатын салықтар	19087
		1	Мүлікке салынатын салықтар	6657
		3	Жер салығы	1130
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	9700
		5	Бірыңғай жер салығы	1600
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	1883
		2	Акциздер	92
		3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	297
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	1391
		5	Тіркелген салық	103
	08		Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	1105
		1	Мемлекеттік баж	1105
2			<b>Салықтық емес түсімдер</b>	<b>9398</b>
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1550
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1550

	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	7848
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	7848
<b>3</b>			<b>Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер</b>	<b>210</b>
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	210
		1	Жерді және материалдық емес активтерді сату	210
<b>4</b>			<b>Трансферттердің түсімдері</b>	<b>2121106</b>
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2121106
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	2121106
			Ағымдағы нысаналы трансферттер	130901
			Нысаналы даму трансферттері	198000
			Субвенциялар	1792205

Функционалдық топ					Сомасы мың теңге
1	Кіші функция		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	2	3	Бағдарлама		
			4	АТАУЫ	
1	2	3	4	5	6
				<b>II. Шығындар</b>	<b>2331921</b>
<b>01</b>				<b>Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер</b>	<b>175658</b>
01	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын	147906

				өкілді, атқарушы және басқа органдар	
01	1	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	12728
01	1	112	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	12728
01	1	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	59027
01	1	122	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	59027
01	1	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	76151
01	1	123	001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	76151
01	2			Қаржылық қызмет	14087

01	2	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	14087
01	2	452	001	Аудандық бюджетті орындау және коммуналдық меншікті (областық маңызы бар қала) саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13850
01	2	452	003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	237
			004	Біржолғы талондарды беру жөніндегі жұмысты және біржолғы талондарды іске асырудан сомаларды жинаудың толықтығын қамтамасыз етуді ұйымдастыру	0
01	5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	13665
01	5	476		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау кәсіпкерлік бөлімі	13665
				Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін	

